

Тақырып: Трикотаж жаймасының ассортименти

Трикотаж жаймаларының түрі өте көп. Стандартты классификацияға сәйкес трикотажды бұйымдар арналуларына сәйкес сырт киім, іш киім шұлықтық, қолқаптық, бас киім не орамалдық болып бөлінеді. Айтылған топтардың әрқайсысы арналуына қарай, маусымдық, сонымен қатар тұрмыстық және спорттық болып топшаларға бөлінеді. Трикотаждан жасалған бұйымдар қиылған, тұтастоқылған, жартылай реттелген, комбинирленген түрде шығарылады. Төменде қиылған және комбинирленген ішкі киімге және сырт киімге арналған бұйымдардың трикотаж жаймасының түркелыны қарастырылды. Ішкіімдік трикотаждың жаймалар жейде ішкөйлек, майка, трусиктер, шомылғы костюмдер, балалар еңбектемесі, ж.т.б. бұйымдарды жасауға арналған. Сырт киімдік трикотаждық жоймалар джемпер, свитер, кардигандар, жакеттер, жейделер, пальто, куртка, көйлектер, сымдар, блузкалар ж.т. б. бұйымдарды жасауға арналған. Өңдеу әдісіне байланысты трикотаж жаймалары қайнатылған, ағартылған, басылған, өрнектелген, замшпен өңделген, жүктелген және т.б. болып бөлінеді.

Ішкіімдік жаймалар өңдеу кезінде қайнатылады, ағартылады, боялады немесе айшықталады. Ішкілік құрамына байланысты олар әртүрлі ішкіімдік жаймалардың көп бөлігін мақта мақталық жайма құрайды. Көбінесе оларды қисықтоқылған өрімді түрде жасайды және тегіс түкте және плюшті түрде шығарады. Тегіс жайма өрімдерге гладь және двуластик (интерлок), сонымен қатар ластик 1+1, 2+2 ж.т.б. Ластик өрмімен жасалған ішкіімдік мақтаматалық трикотаж жаймалары көбінесе балалар киімінде қолданылады. Тегіс ішкіімдік жайма шығаруда сызықтық тығыздығы 11,5 тен 18,5 текске дейінгі мақтаматалық иірім жібі қолданылады. Бұл жаймалардың беттік тығыздығы 140-200 г/м².

Түкті мақта трикотаж жаймалары жылы ішкіім жасауда қолданылады. Олар беттік тығыздығы 270-400 г/м² түрде шығарылады.

Плюшті ішкіімдік жаймалар плюштік өріммен шығарылған, және оларда беттік ілмектері болады.

Аралас иірімгіштіктен жасалған ішкіімдік трикотаждық жаймалар құрылысы бойынша аналогиялық мақтаматалық. Терістемесі мақтаматалық иірім жіптен және оң жағы вискозды жіптен тұратын жаймалар көп таралған.

Жоғары дәрежелі ішкіімдік трикотаж тарақты аралас (мақтаполинозды, мақталавсанды, нитронполинозды) жүреді. Аралас, жүнді иірім жіптен жасалады.

Жасанды жіптен және иірім жіппен жасалған. Ішкіімдік жайма негізінен әйел ішкііміне арналған.

Олардың арасынан 6,6-13 текс сызықтық тығыздықты трико және сукно өрімді вискозды жіптер және 5,8-13 текс сызықтық тығыздықты ацетатты және ұшацетатты жіптер көп бөлігін құрайды. Бұл жаймалардың беттік тығыздығы 120-200 г/м². вискозды жаймалар ацетаты және ұшацетатты жаймаларға қарағанда бірқатар қасиетке ие олар алға сіңіргіш және тозуға төзімдірек болады. 8,4-22,2 текс сызықтық тығыздықты жіптен жасалған вискозды ішкіімдік жаймалар әдемі сыртқы түрімен ерекшеленді.

Жасанды жіптен жасалған трикотажды жаймалар кейде ластик және двуластик жасалған трикотажды жаймалар кейде ластик және двуластик өрімде жасалады. Бірақ бұл жаймалар ескіруге жеткіліксіз тұрақты қатты созылады, одан бұйымның формасы тұрақты емес.

Жасанды жіптерден жасалған комбинирленген ашурлы өрімді жаймалар тегіс жаймаға қарағанда жеңілірек олардың беттік тығыздығы 100-160 г/м² аралығында табады.

Жасанды жіптерден трико-шарме өрімінен жасалған сапалы жайма жасалады, шарме өрімінен өңдегенде жеңіл түктелетін ирім жіп алынды. Бұл жайма жылы ішкіім үшін қолданылады.

Синтетикалық жіптерден және иірім жіптерден жасалған ішкіімдік трикотажды жайма көбінесе капрондық, хлоринді комплексті жіптерден, сонымен қатар текстурленген химиялық жіптерден жасалады. Капронды жіптерден ішкіімдік жаймалар негізтоқылымдық әдіспен трико-сукно, трико-трико, рельефті ажурлы және ірі өрнекті өрімде шығарылуда. Сызықтық тығыздығы 1,7-5,0 текс капрондық жіптер қолданылады.

Капрондық жіптерден жасалған жаймалардың беттік тығыздығы 35-125 г/м². олардың өзгеше қасиеті ескіруге жоғары тұрақтылығы болып табылады. Ажурлы жаймалар әйел ішкіімін өңдегенде қолданылады.

Біртексіз жаймалар мақтаматалық және жүн иірім жібінен, вискозды, ацетатты жіптерден шығарылады. Оларды көбінесе қабықты тегіс немесе түкті (футерлі өрім) түрде шығарады. Қабықты тегістікті шығаруда арналуына байланысты әртүрлі грунтты және қабықты жіптер, мысалы үшін мақталы иірім жіптерден грунтты және жүннен қабықты жайма, қолданылады. Спорттық ішкіім үшін грунт – жүнді, қабық-мақтаматалы иірім жіптер шығарылады.

Түкті біртекті ішкіімді жайма футерлі жіп ретінде жартылай жүнді иірім жіптен шығарылады. Төменде айрым трикотажды ішкіімдік жаймалардың қысқаша мінездемесі келтіріледі. Сызықтық тығыздығы 11,8-текс мақтаматалық иірім жіптен және 8,3 текс вискозды жіптен жасалған.

Ішкіімдік жайма трикосукно өрімімен шығарылады, беттік тығыздығы 130 г/м². олар ақ және тегісбасылған түрде шығарылады әйелдер ішкіімі үшін қолданылады.

Сызықтық тығыздығы 13,3 текс вискозды жіптерден жасалған ішкіімдік жайма трико-сукно өрімімен шығарылады, беттік тығыздығы 205 г/м². Тегісбоялған, ақ және сурет басылған түрде шығарылады. Майка, сорочка, ішкөйлек жайма гладь өрімімен жасалады, беттік тығыздығы 280 г/м².

Жылдан жылға трикотаж мода әлемінде жаңа орындарда, көрінуде. Ол жұмсақ қолайлы және қазір ол қолмен тоқылғандай немесе твид, сукно, және басқа да сәнді материалға ұқсайды. Қазір трикотаждың өте ыңғайлысы көпқабатты ансамблі олар коконды қаптап тұратын түр көрсетуі мүмкін, жеңіл жейде киілген сияқты, оларды көбінесе жемперлер, свитерлер, кардигандар, үстінен киеді, бірақ киіммен трикотажды жайма бірінің үстінен бірін тегіс емес қабатпен жабылады.

Қазіргі трикотаждың маңызды қасиеті, ол тоқу барысында бір машинада жайма шығарады және бұйымның формасын береді.

Сырт киімге арналған трикотаж жаймалары жіптер және иірім жіптерді, өрім және түсті түрлерімен ерекшеленді. Олар жеңіл (100-200 г/м²) және ауыр (500 г/м² дейін). Жеңіл жаймалар ерлер жейдесіне, көйлектерге, қолданылады, ауыр жаймалар жемперлер, костюмдер, пальто үшін қолданылады. Бұл жаймалар жүнді, жартылай жүнді (синтетикалық талшық қосылған), мақтаматалық, мақталавсанды, жоғары көлемді иірім жіптерден, химиялық жіптерден жасалады. Жоғары трикотажды жаймалар тегіс боялған, мелонисты, түрлі-түсті тоқылған, ағартылған және басылған сурет түрінде шығарылады.

Жүнді жоғары трикотажды жаймалар костюмдерге, жакеттерге, көйлектерге арналған. Бұл жайма сызықтық тығыздығы 19,2x2 текс, 31,2 текс, 35,7 текс суретті өрімінен жасалған иірім жіптен жасалған. Олар айтарлықтай ауыр, беттік тығыздығы 470 г/м². жоғары трикотаж үшін жүнді жайманы фанг, жартылай фанг, рельефті жаккард өрімдері қолданылады.

Трикотажда мода иірім жіптен басталады. Жоғары трикотажды жайма алу үшін трикотажды өнеркәсіпке және қолмен тоқуға бірқатар иірім жіптің жаңа түрлері шығарылады. Негізінен традициялық емес шикізат қосылған: монғол ешкісінің үлбірі, ангор ешкісінің жүні, шикізатты рационалды қолдану үшін және трикотаж иірім жіптерін түрлендіру үшін, жаңа колорит және жайманың структурасын жасау үшін жүнді тарақты

тараудың қалдықтарының қосындысын иірім жіп жасалған. Иірім жіптер ангорда, жүннің люкермен және жүннің вискозамен арасында көрсетілген. Түйе жүні вискозда және кейлокмен қосылуынан жылтырайды. Ханымдар трикотажы өте жұқа камермирмен меринос және жібектен жасалған.

Атақты екі жақты тоқылған жаймаларға: мини-букле, твид т.б. трикотаж жіңішке немесе дөрекі, көлемді немесе тегіс болады. Структуралар, ажурлы тоқу. Бұйымдар жүннен және мохерден жасалған. Жаңалары көп қабатты структуралар.

Мақтаматалық жоғары трикотажды жаймалар структурасы және беттік тығыздығы бойынша әртүрлі болады. Жеңіл жаймалар блузқаға сорочқаға, жеңіл спорттық киімге арналған. Сонымен қатар екеулік прессті өрілген жаймалар қолданылады.

Олар тегісбаялған түрде шығарылады. Футерлі, плюшті, суретті өрілген, екеулік негізтоқылған және көлденеңнен тоқылған түкті жаймалар шығарылады. Олар сызықтық тығыздығы 15,5-34,5 текс және 72-84 текс түкті иірім жіптен жасалады. Түкті мақтаматалы жайманың беттік тығыздығы 300-400 г/м². сонымен қатар мақтаматалық түрлі-түсті тоқылған жаккардты жаймалар шығарылады.

Төменде үстіңгі бұйымға арналған кейбір трикотаж жаймаларының қасиеттері көрсетілген.

Полиэфир жіптерінен жасалған трикотаж жаймалары. (85%) сызықтық тығыздығы 16,7 текс және (15%) - 5 текс капрон жіптерінен толық емес екі түсті жаккард өндіреді; беттік тығыздығы 112 г/м². Әйелдер блузкалары мен көйлектеріне қолданылатын шұбар тоқылған трикотаж шығарады.

Текстурленген полиэфир жіптерінен жасалған трикотаж жаймалары (85%) сызықтық тығыздығы, 6,7 текс және (15%) - 31 текс жартылай өрімдері комбинирленген екі түсті және бір жақты жаккардты өндіреді. беттік тығыздығы 234-350 г/м². Әйелдер блузкалары мен көйлектеріне қолданылатын шұбар тоқылған трикотаж шығарады.

Полиэфир жіптерінен жасалған трикотаж жаймалары 16,7 және 11,1 текс*2 сызықтық тығыздығы екі түсті толық емес жакардты өрімдерді шығарады, беттік тығыздығы 294 г/м². Ерлер костюміне қолданылады. Үстіңгі суретті-колориттенген эффектілі трикотаж жаймаларының әртүрлі ассортиментін фасонды өрімдерден өңдейді. 175 текс және 180 текс сызықтық тығыздық, 130 текс жіпшелі, 100 текс әріптелген, 175 текс комволь ровницасын қолданумен. Фасондық өрімдердің компоненттері ретінде жүн өрімі, жартылай жүн, жоғары көлемді, ПАН-талшықтарығ полиэфир жіптері, полиамид, 430 тексті жартылай жүн созбасы қолданылады.

Жазғы сезондағы трикотаждың негізгі тақырыбы - жеңіл өте жұқа, сырғанағыш, жұмсақ және тегіс болады. Олардың беті сатинирленген жылтыр, матталған немесе майда рельефті болады.

Ажурлытрикотаж өз дамуын алуда. Олар жаздық және қыстық киімдердің айнала тігілуінде немесе киім үстінен киілуде өзін көрсетуде. Олар ажурлы суреттерден үлкен сеткеліге шейін көрінісін ала алады. Шұбар тоқылған және структурлы сурет араласуы жаңаша көрінеді; түс пен көлеңкенің ойнауы рельефті өрімге әр түрлі композицияны әкеледі. Үлкен жаккардты суреттер қайтадан модаға қайтып келуде.

Вельвет тектес жаймалар, үлкен тоқылымды құрылымда өндіріледі, одан көйлектер, юбкалар, костюмдер, пальто жасайды. Бұл жаймалар формасақтағыш, мыжылмайтын және аз отырып, олар текстурленген полиэфир жіптерінен өңделеді. беттіқтығыздығы 180-220 г/м².

Аз созылатын уткелі жіптерден жасалған жаймалардың кең ассортименті үлкен тоқылымды құрылымы, текстурленген полиэфир жіптерінен, комэлан жіптерінен, жоғары көлемді ПАН өрімдерінен өндіріледі. Олар костюм, куртка, джемпер, көйлек, юбка, балалар бұйымында қолданылады.

Твидотәріздес жаймалар уткелі жіптерімен, текстурленген полиэфир жіптерінің араласуында дайындалған, олар сыртқы көрінісі бойынша матаға ұқсас және әйелдер костюмін жасауда қолданылады.

Үстіңгі бұйымдарға арналған трикотаж жаймаларын таңдағанда, олардың көлденең өрімдерінің созылып кетуін ұмытпау керек.

Үстіңгі трикотажды дайындағанда арнайы құрылым (аспап) қолданады (жасырын тігіс машинасы, ұрылған және т.б.).

Пиджактық сыртқы көрінісі мен фиксациялауы үшін клейленетін астарлы маталармен бүкіл беті бойынша таяқшаларды дубрирлеуге болады, сонымен бірге екі қалтасын, лоцкандар және жағаның ұштарын.

Трикотаж маталарын қадағалап отыру үшін олар жуудан, химиялық тазарудан өтеді.

Өзін - өзі тексеру үшін тест сұрақтары:

1. Трикотаж маталары сорты бойынша нешеге бөлінеді
 - A) 3
 - B) 6
 - C) 4
 - D) 2
 - E) 11
2. Спорттық костюмдерге қойылатын талаптар, реті бойынша:
 - A) 1-гигиеналық, 2-экономикалық, 3-эстетикалық, 4- тозуға төзімділігі, 5- технологиялық
 - B) 1-гигиеналық, 2-тозуға төзімділігі, 3- эстетикалық, 4-экономикалық, 5- технологиялық
 - C) 1-экономикалық, 2- гигиеналық, 3-эстетикалық, 4-технологиялық, 5-тозуға төзімділігі
 - D) 1-гигиеналық, 2-эстетикалық, 3-экономикалық, 4-технологиялық, 5-тозуға төзімділігі
 - E) 1-гигиеналық, 2- тозуға төзімділігі, 3-экономикалық, 4-технологиялық, 5- эстетикалық
3. Близна ақауы :
 - A) матаны тоқу кезіндегі ақау
 - B) жіпті иіру кезіндегі ақау
 - C) соңғы өңдеу кезіндегі ақау
 - D) бояу кезіндегі ақау
 - E) жіпті ағарту кезіндегі ақау
4. Штопка ақауы қай кезде кездеседі
 - A) тоқу процессіндегі ақау
 - B) жіпті иіру кезіндегі ақау
 - C) соңғы өңдеу кезіндегі ақау
 - D) бояу кезіндегі ақау
 - E) жасанды жібек
5. Бірнеше түрлі талшықтардан алынған жіптерден (тоқыма жіптерден) тұратын маталар қалай аталады
 - A) аралас-біртексіз
 - B) аралас
 - C) біртексіз
 - D) біртекті
 - E) күрделі
6. Әртүрлі жіптер кезектесіп тоқылған маталар қалай аталады
 - A) күрделі
 - B) біртекті
 - C) біртексіз
 - D) аралас
 - E) аралас-біртексіз

Қолданылған әдебиеттер:

1. Орленко, Л.В. Конфекционирование материалов для одежды [Текст] : учебное пособие / Л. В. Орленко, Н. И. Гаврилова. - М. : Инфра-М, 2017. - 287 с.
2. Практикум по материалам для одежды и конфекционированию [Текст] : учебное пособие / В. И. Стельмашенко [и др.]. - М. : ФОРУМ:ИНФРА-М, 2019. - 144 с
3. Бессонова Н.Г., Бузов Б.А. Материалы для отделки одежды. учебное пособие Бессонова Н.Г., Бузов Б.А. - М. : ФОРУМ:ИНФРА-М, 2015. - 144 с
4. Конфекционирование материалов для одежды [Текст] : учебное пособие / Л. В. Орленко, Н. И. Гаврилова. - М. : Инфра-М, 2020. - 287 с.
<https://new.znanium.com/read?id=349442>
5. Практикум по материалам для одежды и конфекционированию : учебное пособие / В.И. Стсльмашснко, Н.А. Смирнова, Т.В. Розарснова, Ю.В. Назарова - М. : ИД «ФОРУМ» : ИНФРА-М, 2019. — 144 с. — (Высшее образование). - ISBN 978-5-16-103571-9. - Текст : электронный. - URL: <https://new.znanium.com/catalog/product/1020702>
6. Новиков М.В., Разумеев К.Э., Андреева Е.Г. - Исследование свойств шкурок серебристо-черной лисицы и искусственного меха, имитирующего её окрас, для цифрового конфекционирования материалов для одежды
<https://e.lanbook.com/reader/journalArticle/572760>